

Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 6-26-12 "2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Қазанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 6-29-15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 5293 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 104, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Қазанка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 6-26-12 шешіміне (2019 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5134 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Қазанка ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 16 600,0 мың теңге;
салықтық түсімдер – 3 500,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 13 100,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 16 842,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -242,1 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 242,1 мың теңге:
қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 242,1 мың теңге.";

6- тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"6. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер 1 578,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу ауылдық округ әкімінің 2019-2021 жылдарға арналған Қамсақты ауылдық округінің бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы шешімімен белгіленеді.

келесі мазмұндағы 6-1, 6-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"6-1. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде республикалық бюджеттен ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге нысаналы трансферттер 860,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу ауылдық округ әкімінің 2019-2021 жылдарға арналған Қазанка ауылдық округінің бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы шешімімен белгіленеді.

6-2. 4 қосымшаға сәйкес ауылдық округінің бюджетінде қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен шығындары қарастырылсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес 4 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Айыртау аудандық

мәслихатының

XXIX сессиясының төрайымы

Солтүстік Қазақстан облысы

Айыртау аудандық

мәслихатының хатшысы

Б.Жандосова

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы _
_____ № _____ шешіміне 1 қосымша

Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы
28 желтоқсандағы № 6-26-12 шешіміне 1
қосымша

2019 жылға арналған Айыртау ауданы Қазанка ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | Атауы | | Сомасы, мың теңге |
|--------|--------|-------------|-------------------------|
| | Сыныбы | Кіші сыныбы | |
| | | | |

| | | | |
|-------------------|-------------------------------------|--|--------------------------|
| | | 1) Кірістер | 1 6 600,0 |
| 1 | | Салықтық түсімдер | 3 500,0 |
| | 01 | Табыс салығы | 600,0 |
| | 2 | Жеке табыс салығы | 600,0 |
| | 04 | Меншікке салынатын салықтар | 2 900,0 |
| | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 25,0 |
| | 3 | Жер салығы | 250,0 |
| | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2 625,0 |
| 2 | | Салықтық емес түсімдер | 0 |
| | 06 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 0 |
| | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 0 |
| 3 | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| 4 | | Трансферттер түсімі | 1 3 100,0 |
| | 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 1 3 100,0 |
| | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 1 3 100,0 |
| Функционалдық топ | | Атауы | Сом , мың теңге |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | |
| | Бағдарлама | | |
| | | 2) Шығындар | 1 6 842,1 |
| 01 | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 1 4 322,0 |
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 4 322,0 |
| | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 4 162,0 |
| | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 160,0 |
| 07 | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 2 020,1 |
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2 020,1 |
| | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 440,0 |
| | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 400,0 |
| | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 880,1 |
| | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру | 300,0 |
| 13 | | Басқалар | 500,0 |

| | | | |
|--------|-------------|---|--------------|
| 124 | | Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 500,0 |
| | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 500,0 |
| | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | - 242,1 |
| | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 242,1 |
| | | Қарыздар түсімі | 0 |
| | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | | | Сома |
| | Сыныбы | Атауы | , |
| | Кіші сыныбы | | мың теңге |
| 8 | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 242,1 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 242,1 |
| | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 242,1 |

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы _____ № _____ шешіміне 2 -қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы
28 желтоқсандағы № 6-26-12 шешіміне 4-
қосымша

2019 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтарын бағыттау

| | | | |
|-------------------|-------------------------------------|--|-----------------|
| Санаты | | | |
| | Сыныбы | Атауы | Сома, мың теңге |
| | Кіші сыныбы | | |
| | | 1) Кірістер | 242,1 |
| 8 | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 242,1 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 242,1 |
| | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 242,1 |
| Функционалдық топ | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Атауы | Сома, мың теңге |
| | Бағдарлама | | |
| | | 2) Шығындар | 242,1 |

| | | | |
|----|-----|--|-------|
| 07 | | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 242,1 |
| | 124 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 242,1 |
| | | 011 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 142,1 |
| | | 022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 100,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ